

**Пешков ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы № 58 "Пешков селолық округінің Кравцов селосының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Федоров ауданы Пешков ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 18 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 маусымда № 4843 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қантардағы Заңына сәйкес, Пешков ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Пешков ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы № 58 "Пешков селолық округінің Кравцов селосының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-127 тіркелген, 2009 жылғы 29 қантарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мұнадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, Кравцов селосы тұрғындарының пікірін ескере отырып Пешков ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**;" ;

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосының", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылдының", "ауылы" деген сөздермен аудастырылып әзгерістер енгізілсін;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша "селосының", "селолық" деген сөздер тиісінше "ауылдының", "ауылдық" деген сөздермен аудастырылып өзгерістер енгізілсін;

орыс тіліндегі мәтін өзгерілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Пешков ауылдық округінің әкімі*      *Ә. Ержанов*